

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»  
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XVIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS  
of the XVIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023  
Астана**

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**  
**G99**

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың  
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII  
Международная научная конференция студентов и молодых  
ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International  
Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE  
BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

**ISBN 978-601-337-871-8**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**

**ISBN 978-601-337-871-8**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2023**

## REFERENCES

1. J. Li, Y. Chen, G.Y. Tang, J.F. Jin, Q.H. Xie. (2014). CEOs' Transformational Leadership and Product Innovation Performance: The Roles of Corporate Entrepreneurship and Technology Orientation. *The Journal of Product Innovation Management*, 31(S1), 2-17.
2. K. Li, & T. Xu, G. Dale (2021). Board gender diversity and corporate innovation: International evidence. *Journal of Financial and Quantitative Analysis*, 56(1), 123-154.
3. G.D. Ni, H. Xu, Q.B. Cui, Y.N. Qiao, Z.Y. Zhang, H.K. Li, & P.J. Hickey. (2021). Influence mechanism of organizational flexibility on enterprise competitiveness: The mediating role of organizational innovation. *Sustainability (Basel, Switzerland)*, 13(1), 1-23.
4. H. Liu. (2021). Research on Performance Prediction of Technological Innovation Enterprises Based on Deep Learning. *Wireless Communications and Mobile Computing*, 2021, 1-12.
5. Petti, & S.J. Zhang. (2011). Explaining Technological Innovation in Chinese Enterprises: Insights from Technological Entrepreneurship. *Frontiers of Business Research in China*, 5(3), 452- 471.
6. Tfitzpatrick. (2020). Top Apple iPhone maker Foxconn restarts key China plant with 10% of workers: Source. *Lehigh Valley Business, Lehigh Valley Business*, 2020-02-10.
7. H. An, C.R. Chen, Q. Wu, & T. Zhang (2021). Corporate Innovation: Do Diverse Boards Help? *Journal of Financial and Quantitative Analysis*, 56(1), 155–182.
8. T.J. Chemmanur, M. Gupta, & K. Simonyan (2020). Top Management Team Quality and Innovation in Venture-Backed Private Firms and IPO Market Rewards to Innovative Activity. *Entrepreneurship Theory and Practice*.
9. M. Boscoianu, G. Prelicean, & M. Lupan. (2018). Innovation enterprise as a vehicle for sustainable development – A general framework for the design of typical strategies based on enterprise systems engineering, dynamic capabilities, and option thinking. *Journal of Cleaner Production*, 172, 3498- 3507.

ӘОЖ 338.242

## КӘСІПКЕРЛІКТІ МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ ЖӘНЕ ОНЫ ДАМУДЫҢ НЕГІЗГІ ЖОЛДАРЫ

**Тағабай Мағжан Талғатұлы**

Tagabay\_m@mail.ru

1 курс магистранты, ЕҰУ, Астана, Қазақстан Республикасы

Ғылыми жетекшісі - Ауезова К.Т.

Кәсіпкерлік туралы теориялық тұжырымдама алғашқы рет 1725-1730 жылдары пайда болды. Кейінгі жылдары кәсіпкерлік теориясы әр түрлі ғалымдар мен экономистердің еңбектерінде айтылды және олар бірте-бірте кәсіпкерлік - бұл адамның тәуекел мен жаңашылдыққа деген бейімділігі ғана емес, сонымен қатар, жаңа кәсіпорын құруды білдіретін ұғым деген пікірге келді.

Алғашқыда «кәсіпкерлік» термині тәуекел сөзімен, ал кәсіпкердің өзі тауарды өндіру мен өткізуде белгілі бір тәуекел мен жауапкершілікті өз мойнына алғанмен байланыстырылды.

Кәсіпкерлер әрдайым алдына қойылған мақсаттарды және экономикалық көрсеткіштерді қадағалауды көздей отырып, керекті қызметкерлерді тарта білулері, қажетті материалдарды ала білулері және сатып алушыларды таба білулері керек, сонымен қатар, басқаша айтқанда, олар әкімшілік ету мен басқару шеберлігіне ие болулары керек. Олар өнімді сатудан бұрын, оның бағасы мен құнын дұрыс есептей білулері керек.

Ортағасырлық менеджмент тарихын зерттеуші Джозеф Шумпетерді қазіргі заман кәсіпкерлігінің атасы деп жиі атайды. Өзінің ілімдерінде Шумпетер кәсіпкердің мәні, бұл оның өндіріс күштерін жаңадан ұйымдастыруы, ұластыруы, ал олардың қозғалысы өз кезегінде өндіріс циклдарының тездетілуіне немесе жалпы экономикалық өсімге алып келеді. Жалпы кәсіпкер өз қызметтерінде қолдануға болатын келесі бағыттарды анықтайды яғни, жаңа өнімдер немесе қызмет көрсетулер, жаңа өндіріс әдістері, жаңа өткізу нарықтары, жаңа жабдықтау көздері және жаңа ұйымдастыру түрі т.б.

Шет елдік теорияда және практикада кәсіпкерлік қолда бар қаржы, материал және еңбек қорларын игеру базасында қызмет көрсету немесе өнімге деген белгілі бір қажеттілікті қанағаттандыратын жаңа бизнесті құру үрдісі ретінде қарастырылады. Қазіргі заманғы авторлардың ұстанымдары кәсіпкерге мынадай сипаттама береді: дәлелденген тәуекелге бара білу, жігерлік және іскерлік белсенділік, жеке және дербес жауапкершілік қабылданатын шешімдердің салдарын білу, қабылданған шешімдер нәтижесінің белгісі ретіндегі пайда табу, болашақта қоршаған ортада болатын өзгерістерді болжай білу және ұйымдастыру шеберлігі [1; 2].

Кәсіпкерліктің көрсетілген анықтамаларын талдай отырып, біздің көзқарасымыз бойынша, кәсіпкерліктің келесі анықтамасын қисынға қарай мазмұндауға мүмкіндік беретін сипаттамалардың ең маңыздыларын бөліп көрсетейік. Кәсіпкерлік - жаңа кәсіпорынды құрумен немесе белгілі бір дәрежедегі тәуелділігі бар қазіргі кәсіпорынды дамытумен байланысты жаңашылдық қызмет болып табылады. Кәсіпкерлік феномені жер, еңбек және капитал сияқты өндіріс факторларын жұмыс істеуге мәжбүрлейтін қозғаушы күш болып табылады. Бірінші кезекте көңіл аударатын жайт, кәсіпкердің фирманы құрудағы немесе барлық өндіріс факторларының белсенділігін арттыру арқылы қазіргі кәсіпорынды дамытудағы зор еңбегі жөнінде болып отыр. Сондықтан, кәсіпкерліктің соңғы уақытта негізгі өндіріс факторларымен бір қатарға қойылып жүргені кездейсоқтық емес. Кәсіпкерлік экономиканың дамуына үлкен үлес қосады, себебі осы қызметтің арқасында жаңа жұмыс орындары пайда болады, техника мен технология дамиды, жаңа өндіріс және қызмет көрсету салалары қалыптасады, жаңа аймақтарды игеру жүзеге асырылып, сонымен қатар ұлттық кірістің көлемді бөлігі жасалады.

Қазақстан Республикасы 1991 жылы тәуелсіздік алғаннан кейін кәсіпкерлік белсенділікті қолдауға байланысты бірқатар заңдар қабылданды. Қазақстанда кәсіпкерліктің дамуына «Қазақстанда кәсіпкерліктің дамуы мен шаруашылық қызметінің еркіндігі туралы» (1991), «Жеке кәсіпкерлікті қолдау және қорғау туралы» (1992) заңдар түрткі болды.

Елімізде 1997 жылы «Шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуды белсендету және мемлекеттік қолдауды күшейту шаралары туралы» және 1998 жылғы «Жеке және заңды тұлғалардың кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне деген құқығын қорғау туралы» жарлықтары кәсіпкерліктің дамуына жаңа күш берді. Осы жарлыққа орай, Қазақстанда шағын және орта бизнесті дамыту жөніндегі алғашқы арнайы орган ретінде сауда және экономика министрлігінің құрамында кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі агенттігі құрылды. Оның негізгі мақсаты кәсіпкерлікті қолдау және оның жұмысын ұйымдастыру.

Осылайша Қазақстанда елдегі қалыптасушы нарықтық экономикаға қажетті масштабтарда кәсіпкерлік қызмет еркіндігін және оның пайда болуы мен сәтті дамуын қамтамасыз ететін, шағын және орта бизнестің берік құқықтық негізі құрылды. Осыған байланысты соңғы жылдары елімізде кәсіпкерлік қызметпен айналысатын субъектілер санының тұрақты өсіп келе жатқандығы байқалады. [3; 4].

Елімізде шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту және қолдау жөніндегі заңдық-құқықтық құжаттардың бар болуы кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне жағымды әсерін тигізді. Оларға өндірістік-техникалық, қаржылық және инвестициялық тұрғыдан қолдау көрсету мақсатында кәсіпкерлік субъектілерін банкілік несиелермен қамтамасыз ету кезінде

кепіл ретінде қызмет атқаратын мемлекеттік кепіл қорлары және кәсіпкерлік құрылымдар мен өзін-өзі қаржыландыру мақсатында несие серіктестіктері құрылды. Сондай-ақ, кәсіпкерлік субъектілерін білікті мамандармен және ғылыми-техникалық жетістіктермен қамтамасыз ету және күштеп қаржы жинаушылықтан (парақорлықтан) қорғау бағытында бірқатар іс-шаралар жүйесі қабылданды.

Нарықтық қатынастарға өту жағдайларында шағын, орта және ірі кәсіпкерліктердің арасында тығыз өзара шартты байланыс пайда болады, ол олардың жаппай түрде қатысты тәуелсіз жұмыс істеулері ретінде көрініс алады. Бұл байланыс, әсіресе, шағын және ірі бизнес кәсіпорындары арасында нақты көрініс табады, бұл кезде біріншілері екіншілеріне қатысты қажетті қосымша ретінде орын алады және контракт пен субконтракт негізінде ірі өндіріске тікелей немесе жанама түрде қызмет көрсету міндеттерін атқарады.

Кәсіпкерліктің әр алуан түрлері өзара байланысу кезінде кәсіпкерлік қызметтің анағұрлым тиімдірек нәтижелеріне қол жеткізеді және бизнестің тұрақтылығы қамтамасыз етіледі. Осыған орай мемлекет осы мақсаттарға қол жеткізу үшін тек шағын бизнестің ғана емес, сондай-ақ, осы мақсатқа бағытталған орта және ірі бизнестің дамуына да ықпал жасауы керек, себебі олар да, әсіресе, нақты бір нарықта пайда болу және өз жағдайларын күшейту сатысында мемлекеттік көмекке, мүдделері қорғалуына, технологияларға және қаржылай қолдауға мұқтаж болады. Шағын бизнес үшін алдын ала заңмен қарастырылған жеңілдіктер мен кепілдемелерге келер болсақ, олар шағын кәсіпкерліктің тұрақты тиімді жұмыс істеуін алдын ала анықтай алады. Шағын бизнестің бастапқы кезеңде пайда болуына және өзінің одан әрі дамуына «келесі қарқынды» жасау үшін қажетті әлеует құруға мүмкіндік береді.

Шағын, орта және ірі бизнестің жұмыс істеу барысында олардың арасында өзара тәуелді белгілі іскерлік қатынастар пайда болады. Осы қатынастар мен оларды реттеудегі мемлекеттің рөлінің тек шағын және орта бизнесті ғана емес, сондай-ақ, ірі кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасын дайындау арқылы дұрыс орналастырылуының ескерілуі нарықтық экономика жағдайында дамуының маңызы өте зор.

Біздің ойымызша, шағын және орташа кәсіпкерлікке қолдау көрсету шараларын жалпы республикалық бағдарлама негізінде жоба бойынша туындаған проблемаларды шешуге салалық күштерді қоса отырып, индустрия және сауда министрлігінің басқармалары өз міндетіне алуына болады. Құжат айналымын ұйымдастырып, шағын бизнес орталықтарын жалпы республикалық бағдарламаны орындаудың жолбасшылары ретінде кірістіріп, қажетті нәтижелерге жетуге болады. Сонымен, шағын және орта кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау кезінде оларды институционалдық тұрғыдан қамтамасыз ету мәселесіне баса назар аударылуда. Басқаша айтқанда, елімізде және оның жекелеген аймақтарында шағын және орта бизнесті дамыту жөніндегі бағдарламалар шеңберінде нақты іс-шаралар кешені жүзеге асырылуда[4; 5].

Шағын және орта бизнес кәсіпорындарының тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін олардың экономикалық ортасын жақсартуға арналған көптеген нақты іс-шараларды қарастыратын, кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау және дамыту тұжырымдамасы жасалып, олардың өзара қарым-қатынастағы жүйелі іс-шаралары жасалуда. Сонымен, кәсіпкерлікті дамыту шараларының негізі шағын және орта бизнесті қолдау яғни, индустрия саласында: дәстүрлі өндіріс салаларында шағын кәсіпорындарды дамыту, жаңа технологияларды игеру негізінде соңғы өнімді өндіру, қайта өңдеу өнеркәсіптер жүйесін дамыту; халықтық тұтыну тауарлары өндірісінде: отандық шикізатты қолдануға бағытталу, импортты алмастырушы тауарларды өндіру, экспортқа бағдарланған өнімдерді шығару; инновациялық қызмет саласында: ғылыми сыйымды өндірістерді ұйымдастыру және дамыту, шағын жаңашыл кәсіпорындар жүйесін, аймақтық инновациялық және технологиялық қолдау көрсету орталықтарын дамыту, көлік, байланыс, құрылыс салалары мен құрылыс материалдары өндірісінде технологиялық және зерттеу парктерін, сондай-ақ, бизнес-инкубаторларын құру.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасындағы шағын, орта және ірі кәсіпкерліктің құқықтық базасын қамтамасыз етуде олардың еркіндігін қорғауға және мемлекеттік қолдауға қолданыстағы заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу және жаңа заңдар мен нормативтік актілерді шығару үрдісі қарастырылады.

Үкіметтің кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі саясаты жеке сектордың экономикадағы өсу қарқынын жеделдетуге қолайлы жағдай жасауға және оның нарыққа кіруін жеңілдетуге бағытталуы тиіс. Сондықтан да кәсіпкерлік құрылымдарының өкілдерімен бірге пайдаланылмаған өндірістік ғимараттар мен құрал-жабдықтарды, жер телімдері мен алаңдарды, аяқталмаған құрылыс нысандарын шағын және орта бизнес кәсіпорындарына беру мақсатында санақтан, яғни инвентаризациядан өткізу керек.

Кәсіпкерлікті қаржылық қолдау ісінің маңызды шарты инвестициялар болып табылады. Жеке кәсіпкерлік қоғамдағы табиғи, адамдық және ұйымдық ресурстарды біріктіре отырып, инвестициялардың барынша тиімді қолданылуын қамтамасыз етеді. Сол себептен шағын және ірі бизнес арасындағы ынтымақтастық жүйесін, яғни қалыптастыру мақсатына бағытталған мемлекеттік қаржыларды көбейту аса маңызды болып саналады.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. В.П. Васильев Государственное регулирование экономики : учебник / М.: Юрайт, 2019.
2. С.Г.Капканшиков Государственное регулирование экономики. – М.: Кнорус, 2018.
3. В.В. Мельников Государственное регулирование национальной экономики. Учебное пособие – М.: Омега-Л., 2017.
4. Государственная программа индустриально-инновационного развития РК на 2020 - 2025 годы. - Постановление Правительства РК 31 декабря 2019 года № 1050.
5. О.С. Сабден Управление малым предпринимательством: вопросы теории и практики. – Астана: 2017.

УДК: 338.242

## ГОСУДАРСТВЕННАЯ ПОДДЕРЖКА ИННОВАЦИОННОГО ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА В КАЗАХСТАНЕ И ЗА РУБЕЖОМ

Ташимова Аяжан Талгатқызы

[tashimova.0402@gmail.com](mailto:tashimova.0402@gmail.com)

Студентка 3 курса ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель-Ш. Т. Сулейменова

В настоящее время инновации являются фундаментом для диверсификации национальной экономики Казахстана, основанной на экономике знаний. Инновационной и научно-технический потенциал страны зачастую определяет уровень ее конкурентоспособности и инвестиционной привлекательности для внешних инвесторов на глобальном рынке.

Инновации играют важнейшую роль в Национальной стратегии Казахстана. В декабре 2012 года в послании экс-президента народу страны была представлена Стратегия развития Республики Казахстан до 2050 года с амбициозной целью вхождения страны в топ-30 самых развитых стран мира. Ключевым элементом стратегии является построение диверсифицированной экономики, основанной на новых знаниях путем улучшения условий для предпринимательской деятельности, создания новых точек экономического роста и благоприятного инвестиционного климата, развития исследовательских университетов мирового класса.